

Ж. Батыршинова , Шет ОКЖ орталық  
аудандық кітапханасының қызмет  
көрсету бөлімінің меңгерушісі

## **Шет аудандық ОКЖ кітапхана жастарының кәсіби дамуға жаңа бағыттары**

**Қайырлы күн Форумға қатысушы қонақтар, әріптестер, жас  
кітапханашылар!**

Сіздерді бүгінгі мерекелеріңізбен құттықтаймын!

Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің жарқын болашағы білімді де, білгір жастар қолында. Ел ертеңінің сенімі де солардың мойнында. Қай заманда болмасын, қоғамның қозғаушы күші – жастар. Осы ретте Елбасымыз Н. Назарбаевтың: «Мен, сіздер, бүгінгі жастар ерекше ұрпақ екендеріңізді қайталаудан жалықпаймын», - деп айтқан сөзі мен үшін ерекше толғаныс тудырады. Келешек еліміздің туын желбірететін де, асқақтататын да біздер, бүгінгі жастар.

Білімді жастар – ел болашағы. Елбасымыз Н. Назарбаев «Ел ертеңі жастардың қолында» деп, ел болашағының ертеңі жастарға үлкен үміт артып отыр. Жас толқын - ел аңсарын болашаққа жеткізер ұдайы күш, қарымды білек. Әлемнің жаһандану кезеңінде Қазақстанның өзіндік орнын табуға жігер жұмсап, сол үшін аянбай еңбек ететіндер де бүгінгі жас мамандар.

Елімізде жастарды қолдау және оларды ел келешегін нық ұстауға бейімдеу мақсатында мемлекет тарапынан арнайы бағдарламалар мен жобалар жасалып, олар өз деңгейінде бүгінде жүзеге асырылып отыр. Солардың ішінде ауыл әлеуетін арттыруға бағытталған бағдарламалардың біршамасы мен үшін маңызды болып келеді.

Ауыл әлеуетін арттыру және жас мамандарды қолдау мақсатында жасалған Мемлекеттік «Дипломмен ауылға» бағдарламасы жер – жерлерде қолдауға ие болып, оқу орнын бітірген жас мамандар ел экономикасы мен әл–ауқатының жақсаруы жолында жемісті еңбек етуде. Осы бағдарлама аясында республикамыздың ауыл аймақтарына патриоттық сезімі жоғары

жас мамандар келіп, ауылдың өркендеуіне өзіндік үлесін қосып келеді. Ауыл әлеуетін, мәдениетін көтеремін, ауыл халқына адал қызмет етемін дейтін мамандар біздің Шет ауданында баршылық екені қуантпай қоймайды. 2009-2012 жылдар аралығында Шет аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесіне де жастар жұмысқа келе бастады және жастармен қоса жаңа екпін де келді деп айта аламын. Қазіргі уақытта аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде 20 жас маман еңбек етіп жүр.

Бүгінгі кітапхана - тұрғындардың ақпараттық мәдениетін қалыптастырушы орын. Қазіргі заман кітапханасында келушіге кітап берілімімен қоса, заман талабына сай қызметтер де көрсетіледі. Қазіргі кітапхана қоры қағаз жүзіндегі құжаттармен бірге дәстүрлі емес тасымалдағыш құжаттармен толықтырылады, кітапхана интернет желісіне шығып, қашықтағы қызмет көрсететін орын болып табылады.

Ақпараттық технологиялардың дамуы кітапханаларды да алға басуға ынталандырды, қазіргі күнгі заманауи жабдықталған ауыл кітапханасы ауыл тұрғындарының ақпараттық көшбасшысы болып табылады. Әрине, ондай деңгейге жету және ол деңгейді ұстап тұру оңай шаруа емес. Ол үшін кітапханашының біліктілік деңгейі мен кәсіби шеберлігіне қойылатын талаптар жоғары болып отыр. Заман ағымынан шығып қалмас үшін үнемі өз біліктілігін өздігінен арттырып отыруы қажет.

Кітапханашылар заман талабына сай, ақпарат ағымының аса дамыған кезеңінде өркениет көшінен қалыспай, бәсекеге қабілеттілікке өз үлестерін аянбай қосуда. Заманға сай пайдаланушылар сұранысы ұлғайған сайын, кітапханашыларға да қатаң талаптар қойылуда, кітапханашылар, әсіресе мен сияқты жас мамандар, кәсіптік бағдар алып, жоғары деңгейдегі кәсіби маман болуға ұмтылып, бейімделу баспалдағынан өтіп, өрге өрлеуде.

Арнайы кәсіби білімі болмаса да, аудан кітапханаларына келген жастар кітапхана саласының қыр-сырын меңгере білді және сол бағытта өз білімдерін шыңдай да білді. Олар кітапханашы емеспіз деп, жұмыстарына дел-сал қарамай, кітапхана жұмысына бел шеше кірісті. Кітапхана

қызметтерінің инновациялық жақтарын дамытуға, оқырмандармен өткізілетін іс-шаралардың креативті жақтарын дамытуға барынша атсалысып келеді.

Қазіргі заманның мен сияқты жас кітапханашылары қазіргі ортаға қалай бейімделетінін өз іс-тәжірибем арқылы көрсетуге тырысайын.

### **Слайдпен көрсету (өткізілген іс – шараларды көрсету)**

Шет ауданының орталық кітапханасында «Жас қыран» жастар клубы көп жылдан бері қызмет көрсетуде. Бұл клуб жұмысы жаңа заман талабына сай Қайнар бағдарламасы бойынша 2005 жылы құрылған, клуб төрт бағытта жұмыс атқарады. Жастардың кітап оқуға деген құштарлығын арттыруда және кітапханаға тарту мақсатында ұйымдастырылған бұл клубтың атқарып отырған жұмысы ауыз толтырып айтарлықтай. Клуб жетекшісі ретінде мен оның жұмысын үйлестіріп, дұрыс бағыттап отыруды мақсат етіп қойғанмын. Клуб жұмысы аясында бірнеше үйірмелер жұмысы ұйымдастырылған.

**1. «Шебер қолдар»** қолөнер үйірмесінде жастар көне көз қариялар зенеткерлер Жуасбай Өкен, Алғожин Шайкен ақсақалдар мен технология пәнінің мұғалімі Баймұханов Марат, Жолданова Баян жетекшілік етуімен тоқу, тігу, ағаштан тағы басқа заттардан күнделікті тұрмысқа қажетті бұйымдарды жасаудың алуан түрлерін, оларды әзірлеудің тәсілдерін үйретіп, үйірме мүшелеріне дәрістер береді. Мысалы: Ағаштан жасалатын бұйымдар, тоқыма тоқудың әдістері, макроме қалай жасауға болады? т.с.с. Олардың жасаған бұйымдары бойынша «Шебердің қолы ортақ» атты байқау ұйымдастырылып, жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталды. Жұлделі **I орынға** ие болған киіз үйдің макетін жасаған Ы.Алтынсарин мектебінің 10 сынып оқушысы **Ниязова Әсель**, **II орынды** иеленген ағаштан ат жасаған М.Горький атындағы мектеп – гимназияның 10 сынып оқушысы **Сатыбалдин Құрмет**, **III орынды** иеленген тоқыма бойынша ұлудан ине қадағыш тоқыған “Шет шұғыласы” газетінің тілшісі - жас маманы **Мөлдір Ерғазықызы**. Жұлделі орынға ие болған үйірме

мүшелерінің заттары кітапханада ұйымдастырылған **«Шебер қолдар»** көрмесіне қойылды.

**2 «Жалын»** жас ақындар үйірмесінің жетекшісі - композитор, әнші, мәдени сауық орталығының қызметкері **Тәжібеков Жанболат**. Үйірме мүшелері мектептің 10-11 сынып оқушылары барлық еңбек саласындағы жастар. Әр тоқсан сайын атаулы мерекелерге орай поэзия кештері, кездесулер, өлең – жыр мүшәйралары, ақындар айтыстары, жыр сайыстары тағы басқа іс – шаралар өткізіліп отырады. Үйірме мүшелерінің атсалысуымен аудандық «Шет шұғыласы» газетіне жас ақындардың балауса жырлары мен өлеңдері жиі жарияланып тұрады.

**3. «Компьютерлік байланыс»** үйірмесінің жетекшісі жас маман, кітапхана бағдарламашысы Ахметова Меруерт оқырмандардың компьютерлік білімділігін арттыру үшін практикалық сабақтар өткізеді. Ол компьютерді білмейтін оқырмандармен компьютерлік сауаттылықты ашу сабағын, білетіндер үшін компьютерлік бағдарламалар бойынша сабақтар өткізеді. Бұл үйірменің мүшелері – әр түрлі жастағы кісілер.

**4. «Есірткі – ғасыр дерті»** жастар орталығының жетекшісі Исатаева Айгүл аудандық аурухананың нарколог дәрігері С Төлеубекова және Ішкі істер бөлімінің кәмелетке жасы толмағандардың инспекторы Ырзықбаев Дастан мен бірігіп жұмыс жүргізеді. Мысалы, биыл «Есірткі – заман кеселі» деген тақырыпта суреттер мен плакаттар конкурсына жоғары сынып оқушылары қатысып, жүлделі орындар анықталып, авторларға бағалы сыйлықтар тапсырылды. «Салауатты өмір салты» деген тақырыпта жастар арасында дөңгелек үстел отырысы ұйымдастырылып өткізілді, есірткінің қоғам үшін зияндығы туралы дәрістер, үгіт – насихат жұмыстары жүргізіледі.

Мен клубтың жетекшісі ретінде жастар шығармашылығының шыңдалуына әсер етіп, оларға шығармашылық бағыт-бағдар бере отырып, баспасөз беттерінде тақырыптық материалдардың үздіксіз жариялануын қадағалап келемін. Үйірме жұмыстары барысында әр тоқсан сайын үйірме мүшелері жасөспірімдер арасында тәрбиелік мәні бар насихат жұмыстарын

жүргізіп, кездесу кештер, дөңгелек үстел отырыстарын өткізіп, т.б. әр түрлі іс-шаралар ұйымдастырады. Атап айтқанда 20-дан астам жасөспірім жастардың өлеңдері, прозалық шығармалары республикалық «Жас қаламгер» альманахында жарияланып, облыстық, республикалық басылымдарға шықты.

Кейінгі жылдары кітапханамызда жаңа заман талабына сай ақпараттық-технологиялық қызмет көрсету түрлері жандандырылуда. Ғаламтор жүйесіне қосылған кітапханалар саны өсуде, ОКЖ бойынша 15 кітапхана ғаламтор жүйесіне қосылған. Аудандық орталық кітапхана сайты ашу бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр, сайтқа қойылатын материалдар жинақталып, іріктелуде.

2011 жылы Аудандық балалар кітапханасында «Интернет-класс» ашылған болатын. Интернет класты ұйымдастырудағы негізгі мақсат пайдаланушыларды кітапханаға тарту, кітапханаға жиі келуін қамтамасыз ету. Аз қамтылған отбасыларының балаларына, интернатта оқитын балаларға қолдау көрсетіп компьютерлік сауаттарын ашу. Осы «Интернет класс» жұмысын одан әрі сапалы түрде дамыту мақсатында жас кітапханашымыз Исатаева Айгүл «Ғаламтор, кітапхана, оқырман» тақырыбында 2012-2014 жылдарға арналған шығармашылық жоба жасап, оны жүзеге асыру бағытында жұмыс жасалып келеді.

Кадрлардың тұрақтамауы, арнаулы білімі бар мамандардың жетіспеуі – барлық кітапханалардағы қалыпты жағдай. Қазіргі таңда кітапханашылар қатарында басқа салалардың мамандары жемісті жұмыс жасап келеді. Жас мамандар ішінде кітапханада істейтін басқа сала бойынша оқу бітірген кітапханашыларды кітапхана ісінің қыр-сырын тереңірек меңгеруге, кәсіби шеберліктерін арттыруға бағытталған біліктілікті арттырудың дәстүрлі және инновациялық тәсілдерін ұйымдастыру орталық кітапхананың әдістемелік бөлімінің негізгі бағытының бірі болып табылады. Осы орайда кітапханамызда өткізілетін іс-шаралардың деңгейінің артқандығын және

заманауи қалыпта ұйымдастырылып отырғанын аудан орталығы тұрғындары тарапынан болған лебіздер растайды.

Оқырмандарды кітапханаға тарту үшін кітапханашының өзінің жеке ой-өрісінің, зердесінің жоғары деңгейде болуы қажет. Оқырманға жаңа кітаптарды, қазіргі заман авторларын, жаңа басылымдарды насихаттау және ұсыныс жасау үшін кітапханашының өзі ол басылымдармен жете танысуы қажет.

Бұрма ауылдық үлгілі кітапханасының кітапханашысы Ғибрат Сауле өз кітапханасын көркейту мақсатында «Ауылдық кітапхананың әлеуетін арттыру» атты шығармашылық жоба жасап, ауылдастарының ақпараттық мәдениетін жоғарылату мақсатында жұмыс жасап келеді.

Міне бұл жастардың өсіп-өркендеуі, кітапхана ісіне деген жанашырлығы деп түсіну қажет.

Сонымен қатар кітапхана ісін жүргізуде кемшіліктер де жоқ емес. Атап айтқанда:

- Ауылдық кітапханалар ыңғайластырылған ғимараттарда орналасқан, оқырмандар үшін өте қолайсыз.
- Қаржы тапшылығына байланысты кітапханаларды заман талабына сай жиназдармен, техникамен қамтамасыз ету мүмкіншілігі қанағаттандырмайды.
- Кейбір ауылдық жерлерде халық санының азаюына байланысты кітапханалардың жабылып қалу қауіпі бар.
- Техникалық мүмкіндіктердің жетіксіремеуіне байланысты әлі де 13 ауылдық кітапханаларымызды Интернетке қосу мүмкіндігі жоқ.
- Электронды каталог құру және оқырмандарға толыққанды қызмет көрсету мақсатында РАБИС бағдарламасы аудан бойынша тек 5 кітапханаға орнатылған, әлі де ауданымыздың 25 кітапханасына осы бағдарламаны орнату қажет.

Ауылдық жерлерде кітапханашы мамандығы тапшы. Статистикаға сүйенсек, Қазақстандағы еңбекақысы ең төмен саналатын мамандық иесі -

кітапхана қызметкерлері екен. Ел ертеңі – білім - ғылымда, білім көзі – кітапта, кітап қоймасы – кітапханада десек, кітапхананың келешегі - жастар қолында емес пе? Талабы тым жоғары болғанымен, жалақысы тым төмен жұмысқа жастар қалай мойынсұнсын?!

Кітапханада жастардың тұрақтамауы алаңдатуда, кадр мәселесі ойландырар жайт деп ойлаймын. Кітапхана қызметкерлерінің басым бөлігі егде жастағылар. Күні ертең кәсіби мамандар, білікті де білімді қызметкерлер зейнеткерлікке шықса, олардың орынын кім толтырады? Еңбекақысы мардымсыз қызметке жастардың белсене кірісуі екіталай.

Сондықтан да мен сіздерге кітапханаларда жас мамандар тұрақтауы үшін алдымен:

**1.** Жаңадан қызметке тұрған жас маман білімін жетілдіру мақсатында келесідей жұмыс жасау керек деп ұсынамын:

- 1 айлық білімін жетілдіру курсынан өтуге жағдай жасау;
- Компьютерлік сауаттылығын арттыру мақсатында; ақпараттық технологиялар, Интернет желі және Рабис бағдарламасымен жұмыс істеуге машықтандыру, арнайы кітапханалық бағдарламаларды игеруге көмектесу;
- Семинар – тренингтер, лекциялар, кітапханааралық сайыстар өткізу; кітапханашының сөйлеу шеберлігін, аудитория алдында сөйлеу қабілетін дамытуды тапсырмалар беру арқылы жүзеге асыру, мысалы: реферат қорғау, баяндама жасау, шолулар жасау және т.б

**2.** Жас мамандарды облыстық кітапханаларға біліктілігін артыру үшін жіберу ;

**3.** Жас мамандар ауылдық жерге келген жағдайда, тұрмыстық жағдайын жасау;

**4.** Жас мамандардың қызметтегі еңбегін сапасына қарай моральдік және материалдық түрде марапаттау.

Сонда ғана кітапхана мамандығымыз бағаланып, қажетті деңгейге көтерілер еді.

Әрине, елімізде мамандығына берілген кәсіби мамандар барда, олардың артынан ізін басар ізбасарлар, жас мамандар ере бермек.

Мен де ертеңіне деген сенімін жоғалтпаған жас маманның бірімін. Мен өзімді оқырман ордасы саналар қасиетті шаңырақ – кітапхананың нағыз жанкешті сақшысы санаймын, сүйікті мамандығыммен мақтанып, әркез шаттанамын..

Келешегінен үміт күттірер жас мамандар кәсіби бейімделіп, оқырмандар сұранысын әлемдік деңгейде өтеуге тырыса білсе, кітапханалар да ақпарат ағынынан қалыспай, биіктен биіктерге самғай берері анық.

Елімізде кітапхана саласына мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, кітапханашы мамандығына сұраныс жоғарылай берсе, жастар да кітапханаларға тұрақтап, кітапхана ісін ілгерілете берері даусыз деген оймен ойымды аяқтауға рұқсат етіңіздер!

Назар аударып тыңдағандарыңызға көп рахмет!

Еңбектеріңізге жеміс, шығармашылық табыс тілеймін!